

Байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырылуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдың аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік кірістер органдарына мәліметтерді ұсынудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 14 ақпандағы № 181 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 наурызда № 16546 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 593-бабының 4-5-тармақтарына және 598-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес төлеушілер туралы, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жіберілген хабарламалар туралы және радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтердің нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақыны төлеушілер, бюджетке төлеуге жататын осындай біржолғы төлемақы сомалары және оны төлеу мерзімдері туралы мәліметтердің нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес төлеушілер, төлемақы салынатын объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтердің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Тенгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛСІЛДІ"

Казакстан Республика

Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д.Э. Абаев

2018 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Каржы министрінің
2018 жылғы 14 ақпандығы
№ 181 бұйрығына 1-косымша
нысан

Төлеушілер туралы, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жолданған хабарламалар туралы және радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер

Есепті кезең 20 жыл

жинысы									
--------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Хабарлама нөмірі	Хабарлама күні	Есептеген(+)/ азайтылған(-), тенге				Төлемақы сомасының азаю себебі
		Ағымдағы жылдың 25.03 кешіктірілмей	Ағымдағы жылы 25.06 кешіктірілмей	Ағымдағы жылы 25.09 кешіктірілмей	Ағымдағы жылы 25.12 кешіктірілмей	
14	15	16	17	18	19	20

(Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органы басшысының не оны алмастыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

(Мәліметтерді жасауға жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))
Жасалған күні 20 жылғы "___"

Ескертпе: "Төлеушілер туралы, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жолданған хабарламалар туралы және радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Аббревиатураларды ашып жазу:

РЖС- радиожиілік спектрі;

БСН- бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН- жеке сәйкестендіру нөмірі;

АЕК- республикалық бюджет туралы занда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш.

"Төлеушілер туралы, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жолданған хабарламалар туралы және радиожиілік спектрін пайдалана отырып, төлемақы сомалары туралы мәліметтер" нысанына қосымша

"Төлеушілер туралы, салық салу объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, салық төлеушілерге жолданған хабарламалар туралы және радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер" экімшілік деректерді жинау үшін арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Нысан "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 593-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленді.

2. Нысанды ақпараттарды жасауға жауапты лауазымды тұлға толтырады және мынадай мерзімдерде:

1) Салық кодексінің 596-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген жағдайда – салықтық кезеңің 25 ақпанынан кешіктірмей;

2) Салық кодексінің 596-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайда, салық төлеуші радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей төлемақы төлеушілердің тұрған жері бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады.

3. Нысанға бірінші басшы не оны алмастыратын тұлға, ақпараттарды жасауға жауапты лауазымды тұлға электронды-сандық қол қояды және ЭҚАБЖ құралы арқылы электронды түрде жіберіледі.

4. "№" деген 1-бағанда реті бойынша нөмір көрсетіледі. Кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

5. "РЖС пайдалану құқығына рұқсат құжатын алған занды тұлғалардың атауы немесе жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы" деген 2-бағанда радиожиілік спектрін пайдалану құқығына рұқсат құжатын алған занды тұлғалардың толық атауы және мекенжайы немесе жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы көрсетіледі.

6. "БСН/ЖСН" деген 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе 2-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. "Рұқсат құжатының берілген нөмірі" деген 4-бағанда "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі-Заң) белгіленген тәртіппен байланыс саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органы берген рұқсат құжатының берілген нөмірі көрсетіледі.

8. "Рұқсат құжатының берілген күні" деген 5-бағанда Заңда белгіленген тәртіппен байланыс саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжатының берілген күні көрсетіледі.

9. "Рұқсат құжатының күшіндегі мерзімі" деген 6-бағанда Заңда белгіленген тәртіппен байланыс саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжатының мерзімі көрсетіледі.

10. "Радио байланыс түрі/Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиілік диапазоны" деген 7-бағанда Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиілік диапазоны және радиобайланыс түрі көрсетіледі.

11. "Әкімшілік-аумақтық бірлік" деген 8-бағанда әкімшілік-аумақтық бірлік көрсетіледі.

12. "Берілетін құралдың қуаты, Вт" деген 9-бағанда берілетін құралдың қуаты Ватт бойынша көрсетіледі.

13. "Радиостанциялар, арналар, радиожиіліктер, радиоканалдар саны (дана)" деген 10-бағанда радиостанциялар, арналар, радиожиіліктер, радиоканалдар саны данамен көрсетіледі.

14. "Белдеулер кеңістігі факті бойынша (килогерц, мегагерц)" деген 11-бағанда белдеулер кеңістігі факті бойынша килогерц және мегагерцпен көрсетіледі.

15. "Төлемақының жылдық ставкасы (АЕК)" деген 12-бағанда республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен шыға отырып төлемақының жылдық ставкасы көрсетіледі.

16. "Радиожиілік спектрін пайдалану кезеңі (айлар саны)" деген

13-бағанда радиожиілік спектрін пайдалану айларының саны көрсетіледі.

17. "Хабарлама нөмірі" деген 14-бағанда төлемақы төлеушілерге жіберілген хабарламаның нөмірі көрсетіледі.

18. "Хабарлама күні" деген 15-бағанда төлемақы төлеушілерге жіберілген хабарламаның нөмірі көрсетіледі.

19. "Есептелген (+)/азайтылған (-), теңге" деген 16-бағанда ағымдағы жылғы 25 наурыздан кешіктірілмей бюджетке енгізілуге тиіс есептелген сома теңгеде көрсетіледі.

20. "Есептелген (+)/азайтылған (-), теңге" деген 17-бағанда ағымдағы жылғы 25 маусымнан кешіктірілмей бюджетке енгізілуге тиіс есептелген сома теңгеде көрсетіледі

21. "Есептелген (+)/азайтылған (-), теңге" деген 18-бағанда ағымдағы жылғы 25 қыркүйектен кешіктірілмей бюджетке енгізілуге тиіс есептелген сома теңгеде көрсетіледі.

22. "Есептелген (+)/азайтылған (-), теңге" деген 19-бағанда ағымдағы жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірілмей бюджетке енгізілуге тиіс есептелген сома теңгеде көрсетіледі.

23. "Төлемақы сомасының азаю себебі" деген 20-бағанда төлемақы сомасының азаю себебі көрсетіледі.

Қазакстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 14 ақпандағы
№ 181 бүйрүғына 2-қосымша
нысан

Радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы

**төлемақыны төлеушілер, бюджетке төлеуге жататын осындай біржолғы
төлемақы сомалары және оны төлеу мерзімдері туралы мәліметтер**

Есепті кезең 20 жылғы тоқсан

№	Р Ж С пайдалану құқығына рұқсат құжатын алған занды тұлғалардың атауы және же ке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы	БСН/ ЖСН	Негіз- құжатының берілген күні, нөмірі	Радио байланыс түрі/ Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жилік диапазоны	Радио байланыс түрі/ Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жилік диапазоны	Радио станциялар, арналар, радио жайліктер, радиоканалдар саны (дана)	Белдеулер кеңістігі факті бойынша (килогерц , мегагерц)	Төлем уақыты	Бюджетке төлеуге жататын біржолғы төлемақы сомасы	Төлеуд растайт төлем құжаты берілге күні ж- нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
	ЖИЫНЫ:										

(Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды басшысының не оны алмастыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
б о л ғ а н

к е з д е

(Мәліметтерді жасауға жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
Жасалған күні 20 жылғы " "

Ескертпе: "Радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақыны төлеушілер, бюджетке төлеуге жататын осындай біржолғы төлемақы сомалары және оны төлеу мерзімдері туралы мәліметтер" осы нысанға қосымшада келтірілген.

Аббревиатураларды ашып жазу:

РЖС- радиожиілік спектрі;

БСН- бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН- жеке сәйкестендіру нөмірі.

"Радиожиілік спектрін
пайдалана отырып, байланыс
саласындағы қызметтер көрсету
жөніндегі кәсіпкерлік қызметті
жүзеге асырғаны үшін біржолғы
төлемақыны төлеушілер,
бюджетке төлеуге жататын
осындай біржолғы төлемақы
сомалары және оны төлеу
мерзімдері туралы мәліметтер"
нысанына қосымша

"Радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін біржолғы төлемақыны төлеушілер, бюджетке төлеуге жататын осындаі біржолғы төлемақы сомалары және оны төлеу мерзімдері туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинау үшін арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Нысан "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 593-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Нысанда ақпараттарды жасауға жауапты лауазымды тұлға толтырады және тоқсан сайын кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмейтін мерзімде төлемақы төлеушілердің тұрған жері бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады.

3. Нысанға бірінші басшы не оны алмастыратын тұлға, ақпараттарды жасауға жауапты лауазымды тұлға электронды-сандық қол қояды және ЭҚАБЖ құралы арқылы электронды түрде жіберіледі.

4. "№" деген 1-бағанда реті бойынша нөмір көрсетіледі. Кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

5. "РЖС пайдалану құқығына рұқсат құжатын алған занды тұлғалардың атауы немесе жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы" деген 2-бағанда занды тұлғалардың толық атауы және мекенжайы немесе жеке тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), мекенжайы көрсетіледі.

6. "БСН/ЖСН" деген 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген занды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе 2-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. "Негіз-құжатының атауы, берілген күні, нөмірі" деген 4-бағанда Заңда белгіленген тәртіппен байланыс саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын уәкілдепті мемлекеттік органы берген біржолғы төлемақыны өндіріп алуға негіз болатын құжаттың атауы және берілген күні, нөмірі көрсетіледі.

9. "Радио байланыс түрі/Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиілік диапазоны" деген 5-бағанда Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға арналған жиілік диапазоны және радиобайланыс түрі көрсетіледі.

10. "Әкімшілік-аумақтық бірлік" деген 6-бағанда әкімшілік-аумақтық бірлік көрсетіледі.

11. "Берілетін құралдың қуаты, Вт" деген 7-бағанда берілетін құралдың қуаты Ватт бойынша көрсетіледі.

12. "Белдеулер кеңістігі факті бойынша (килогерц, мегагерц)" деген 8-бағанда белдеулер кеңістігі факті бойынша килогерц және мегагерцпен көрсетіледі.

13. "Төлем уақыты" деген 9-бағанда әрбір РЖС пайдалануышының төлем уақыты күні, айы және жылды көрсетіледі.

14. "Бюджетке төлеуге жататын біржолғы төлемақы сомасы" деген 10-бағанда бюджетке төлеуге жататын біржолғы төлемақы сомасы көрсетіледі.

15. "Төлеуді растайтын төлем құжатының берілген күні және нөмірі" деген 11-бағанда біржолғы төлеуді растайтын төлем құжатының берілген күні мен нөмірі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 14 актандығы
№ 181 бұйрығына
3-қосымша
нысан

Төлеушілер, төлемақы салынатын объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер

Есепті кезең 20__ жыл __ тоқсан

№	Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысын ұсыну құқығына рұқсат құжатын алған заңды тұлғалардың атауы, мекенжайы	БСН	Рұқсат құжатының берілген күні, нөмірі	Рұқсат құжатының күшіндегі мерзімі	Байланыс түрі	Есепті кезеңде электр (телекоммуникациялар) байланыс қызметтерін көрсеткеннен төлеушілердің болжамды табысының көлемі	Төлемақының жылдық ставкасы (%)	Төлемақының жылдық сомасы (тенге)	Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын сондай-ақ ұялы байланысын ұсыну кезең (ай саны)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
ЖИЫНЫ:									

(Байланыс саласында уәкілдегі мемлекеттік органы басшысының не оны алмастыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің :

(Мәліметтерді жасауга жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол Жасалған күні 20__ жылғы "___")

Қосымша: "Төлеушілер, төлемақы салынатын объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен

толықтырулар, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Аббревиатураударды ашып жазу:

БСН- бизнес сәйкестендіру нөмірі.

"Төлеушілер, төлемақы салынатын объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер" нысанына қосымша

"Төлеушілер, төлемақы салынатын объектілері, берілген рұқсаттар, олардың қолданылу кезеңі, берілген рұқсаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін төлемақы сомалары туралы мәліметтер" әкімшілік деректерді жинау үшін арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Нысан "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 598-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Нысанды ақпараттарды жасауға жауапты лауазымды тұлға толтырады және мынадай мерзімдерде:

1) Салық кодексінің 602-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген жағдайда – салықтық кезеңін 25 ақпанынан кешіктірмей;

2) Салық кодексінің 602-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайда, салық төлеуші қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты беруге рұқсат алған айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей төлемақы төлеушілердің тұрған жері бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылады.

3. Нысанға бірінші басшы не оны алмастыратын тұлға, ақпараттарды жасауға жауапты лауазымды тұлға электронды-сандық қол қояды және ЭҚАБЖ құралы арқылы электронды түрде жіберіледі.

4. "№" деген 1-бағанда реті бойынша нөмір көрсетіледі. Кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуді үзбеуі тиіс.

5. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысын ұсыну құқығына рұқсат құжатын алған заңды тұлғалардың атауы, мекенжайы" деген 2-бағанда қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысын ұсыну құқығына рұқсат құжатын алған заңды тұлғалардың толық атауы, мекенжайы көрсетіледі.

6. "БСН" деген 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. "Рұқсат құжатының берілген күні, нөмірі" деген 4-бағанда Заңда белгіленген тәртіппен байланыс саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжатының берілген күні, нөмірі көрсетіледі.

8. "Рұқсат құжаттың күшіндегі мерзімі" деген 5-бағанда Заңда белгіленген тәртіппен байланыс саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат құжатының күшіндегі мерзімі көрсетіледі.

9. "Байланыс түрі" деген 6-бағанда байланыс түрі көрсетіледі.

10. "Есепті кезеңде электр (телекоммуникациялар) байланыс қызметтерін көрсеткеннен төлеушілердің болжамды табысының көлемі" деген 7-бағанда есепті кезеңде электр (телекоммуникациялар) байланыс қызметтерін көрсеткеннен төлеушілердің болжамды табысының көлемі көрсетіледі.

11. "Төлемақының жылдық ставкасы, (%)" деген 8-бағанда төлемақының жылдық ставкасы пайызда көрсетіледі.

12. "Төлемақының жылдық сомасы, (мың теңге)" деген 9-бағанда төлемақының жылдық сомасы мың теңгеде көрсетіледі.

13. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысын ұсыну кезеңі (ай саны)" деген 10-бағанда қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысын пайдалану айының саны көрсетіледі.

14. "Есепті кезең ішінде бюджетке енгізілуге жататын сома (теңге)" 11-бағанда есепті кезең ішінде бюджетке енгізілуге жататын есептелген сома теңгеде көрсетіледі.

15. "Есепті кезең ішінде бюджетке енгізілуге жататын сома (теңге)" деген 12-бағанда есепті кезеңде бюджетке енгізілуге жататын төленген сома теңгеде көрсетіледі.